

Ақыл-есі кем балаларға арналған интернат үйі туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылғы 13 тамыздағы N 134-П бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 6 қазанда N 380/1 тіркелді. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 13 қазандағы N 272-ө бұйрығымен

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 13 қазандағы N 272-ө бұйрығымен (2005 жылғы 13 желтоқсандағы "Заң газетінде" N 168(792) жарияланған) .

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің "Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын...

Министр

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір күші жойылған бұйрықтарының тізімі

...

4. "Ақыл-есі кем балаларға арналған интернат үйі туралы ереже" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 134-ө бұйрығы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіндегі 1997 жылғы 6 қазандағы N 380/1 тіркелу нөмірі...

I. Жалпы ережелері

1. Ақыл-есі кем балаларға арналған интернат үйі (бұдан әрі балалар интернат-үйі) күтімге, тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетуге, сондай-ақ әлеуметтік еңбек арқылы бейімделуге мұқтаж балалардың тұрақты тұруына арналған медициналық-әлеуметтік мекеме болып табылады.

Балалар интернат үйінде бес немесе алты емдік режимдегі бөлім немесе топ

ұйымдастырылуы

мүмкін.

2. Балалар интернат үйі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің келісімі бойынша облыстық және астаналық әкімдердің шешімдерімен құрылады, қайта құрылады және таратылады.

3. Балалар үйі өз қызметін облыстық, астаналық еңбек және әлеуметтік қорғау басқармаларының басшылығымен жүзеге асырады.

4. Облыстар мен астана әкімдерінің келісімі бойынша, облыстық, астаналық еңбек және әлеуметтік қорғау басқармалары, облыстың, қаланың, астананың аумағындағы балалар интернат үйінің қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

5. Балалар интернат үйі өзі орналасқан облыстың немесе қаланың атымен аталады.

Бір елді мекенде екі және одан көп балалар интернат үйлері болса, оларға реттік нөмірлер берілуі мүмкін.

6. Балалар интернат үй санитарлық-гигиеналық, өртке қарсы талаптар мен техникалық қауіпсіздік талаптарына жауап беретін бейімделген және тәрбиеленушілердің тұруы үшін барлық коммуналдық жағдайлармен жабдықталып арнап салынған (типті) қажетті бөлмелері бар үйлерде орналасады.

7. Балалар интернат үйіндегі тәрбиеленушілерді сауықтыру және еңбекке үйретуді жүзеге асыру үшін, еңбекпен емдеу шеберханалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бекіткен ережеге сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын қосалқы ауыл шаруашылықтары құрылады.

Қосалқы шаруашылықтың, еңбекпен емдеу шеберханаларының қызметінен, ақылы қызмет көрсетулерден түсетін ақшалай қаражаттар интернат үйінің "Ақылы қызмет көрсетулерден түсетін қаражат" деген ағымдағы шотына аударылады және мақсатты орны бойынша материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, тамаққа, медициналық көмек көрсетуге, әлеуметтік-тұрмыстық және еңбекпен оңалтуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға, мәдени-бұқаралық жұмыстар жүргізуге, еңбекпен емдеу шеберханаларын, қосалқы шаруашылықты дамытуға, еңбек процестеріне белсенді қатысушы қамқорлықтағыларды мадақтауға, қосалқы шаруашылық, еңбекпен емдеу шеберханаларының қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге жұмсалады.<*>

2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап қамқорлықтағыларға жәрдемақылар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес төленеді.<*>

Еңбекпен емдеу шеберханалары мен қосалқы шаруашылықтар, қолданыстағы заңға байланысты, айналым салығын және пайдадан аударым бойынша бюджетке төлемдер төлеуден босатылады.

Ақыл-есі кем балалар интернаты жанынан, тәрбиеленушілердің негізгі

контингентіне зиян келтірмей, тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетуді қажет ететін және интернат үйіне орналасу үшін кезегі жоқ мүгедек балалардың тұрғылықты және уақытша тұруына арналған ақылы бөлімдерді ұйымдастыруға б о л а д ы .

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 21-О бұйрығымен . V001086_

8. Балалар интернат үйінде тұратын тәрбиеленушілерге көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын, санитарлық-эпидемияға қарсы режимнің сақталуын және арнаулы медициналық көмектің көрсетілуін бақылауды, белгіленген тәртіппен, денсаулық сақтау органдары жүзеге асырады.

9. Балалар интернат үйі жергілікті бюджетте тұрады, жылдық шығыс сметасы бар заңды тұлға болып табылады, қазақ және орыс тілдерінде жазылған өзінің мөрі және мөртабаны, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген штаттық к е с т е с і б а р .

10. Балалар интернат үйі өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары мен нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрықтарын, нұсқама хаттарын, сондай-ақ Ережені басшылыққа алады.

II. Балалар интернат үйінің міндеттері мен қызметтері

12. Балалар интернат үйінің негізгі міндеттері:

- тәрбиеленушілерді материалдық-тұрмыстық жабдықтармен қамтамасыз ету, олар үшін тұрмыстың жайлы жағдайларын жасау, оларды күту және медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

- тәрбиеленушілерді әлеуметтік еңбекке бейімдеуге бағытталған шараларды жүзеге асыру болып табылады.

13. Балалар интернат үйі өзінің негізгі міндеттеріне сәйкес:

- тәрбиеленушілерге тұрмыстық қызмет көрсету, оларға жиһазбен, дүние-мүлікпен, төсек-орынмен, киіммен және аяқ киіммен жабдықталған тұрғылықты орын беруді;

- жасы мен денсаулығын ескере отырып тиімді тамақтандыруды;

- диспансерлеу, емдеу, мамандарға кеңестік көмекті ұйымдастыруды, сондай-ақ ауруларды емдеу-алдын алу мекемелеріне жатқызуды;

- тәрбиеленушілерді есту аппараттарымен, көзілдіріктермен, протезді-ортопедиялық бұйымдармен, сондай-ақ моторсыз қозғалу құралдарымен (жетек арбалармен, таяқтармен, балдақтармен, кресло-коляскалармен) қамтамасыз етуді;

- мүгедек балаларды Қазақстан Республикасының білім және мәдениет министрлігі әзірлеп бекіткен арнаулы оқу көлеміндегі бағдарламалар, жоспарлар
б о й ы н ш а о қ ы т у д ы ;

- тәрбиеленушілерді балалар интернат үйінің емдеу-еңбек шеберханаларының, қосалқы ауыл шаруашылығының негізінде еңбекке оқытуды және бейімдеуді;

- мүгедек балаларға қызмет көрсету, ұстау және күту сапасын жақсарту, алдыңғы қатарлы жұмыс түрлері мен қызмет көрсету әдістерін тәжірибеге енгізу жөнiндегi ш а р а л а р д ы ;

- персонал еңбегін ұйымдастыруды және оның біліктілігін көтеруді ж е т і л д і р у д і ;

- тұрғын үй қорын пайдалануды жақсартуға, аумақтарды, қосалқы үйлерді және мәдени-тұрмысқа белгіленген объектілерді көркейтуге қайырымдылық қоғамдары мен қорларының көмегін мақсатты пайдалануды жүзеге асырады.

14. Балалар интернат үйінің қаржылық-шаруашылық қызметі бекітілген шығыс сметасына сәйкес жүзеге асырылады. Осы мақсатта балалар интернат үйінің ә к і м ш і л і г і :

- балалар интернат үйін материалдармен, жабдықтармен, құралдармен, жылумен,<*> іш киімдермен, мектептің керек-жарақтарымен, көрнекті құралдармен, ойыншықтармен қамтамасыз етуді және оларды тиімді п а й д а л а н у д ы ;

<*> Ескерту. Белгіленген норма шеңберінде орталықтандырылған жылу жоқ болғанда.

- балалар интернат үйін ұстауға бөлінген мемлекеттік қаржыларды мақсатты және үнемді жұмсауды және тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қ а м т а м а с ы з е т у д і ;

- еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қауіпсіздікті сақтауды;

- тұрғын үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды қайта құруды, сондай-ақ күнделікті және күрделі жөндеуді;

- негізгі қорларды тиімді пайдалануды және барлық қосалқы қызметтердің т о қ т а у с ы з ж ұ м ы с і с т е у і н ;

- балалардың спорт бұрыштарын, алаңдарын жасауды және т.т.;

- балалар интернат үйін сәулеттендіру мән көгалдандыруды;

- осы Нұсқамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласының ұйымдары мен мекемелеріндегі есеп бойынша істен шыққан мүліктерді, ақ жаймалар мен төсек орын жабдықтарын, киім-кешек пен аяқ киімдерді есептен шығаруды;

- бекітілген форма бойынша бухгалтерлік, статистикалық есептерді жүргізуді, жасауды, оны белгіленген мерзімде тиісті органдарға тапсыруды ұйымдастырады .

15. Балалар интернат үйінің әкімшілігі интернатта тұратын және қамқорлық пен қарауға алуды қажет ететін тәрбиеленушілерге қатысты міндеттерді заң

белгілеген тәртіпте орындайды.

Қоғамдық, кәсіподақтық және діни ұйымдар қатарындағы интернат үйлерінің жанынан кемінде 5 адамнан тұратын қарауына алатын Кеңес құрылады, оның Ережесін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлейді және ол балалар интернат үйінің тәрбиеленушілерін сол интернатта ұстау және оларға қызмет көрсету өндірістік, тұрғын-үй тұрмыстық, әлеуметтік (қамқорындағыларды еңбекке орналастыру және т.б.) мәселелерін шешеді.

Тәрбиеленушілердің мүліктік мүдделерін (жәрдемақы алу, мүлкіне ие болу және т.б.) қорғау үшін қажет болған жағдайларда және заңдарда көзделген тәртіппен мүлікке қамқоршы тағайындалуы мүмкін.<*>

Ескерту: 15-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 21-О бұйрығымен . V001086_

III. Тәрбиеленушілерді қабылдау, ұстау және шығарудың ш а р т т а р ы

16. Балалар интернат үйіне дене құрылысы мен ақыл-есінде ауытқулары бар 4-тен 18 жасқа дейінгі балалар, сондай-ақ "Интернат үйіне қабылдауға медициналық айғақтама және медицинаға қайшы айғақтамалар туралы" Нұсқамаға сәйкес, заңға байланысты оларды ұстауға міндетті жақын туысқандары болғанына қарамай, денсаулығына байланысты күтімге, тұрмыстық қызмет көрсетуге, медициналық көмекке мұқтаж психикалық аурулармен зардап шегетін балалар қабылданады.<*>

Ескерту: 16-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 21-О бұйрығымен . V001086_

17. Балалар интернат үйіне балаларды қабылдау, ата-аналарының, қамқоршыларының арызы немесе интернатқа баланы қабылдау туралы емдеу мекемесінің өтініші, психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның қорытындысы, медициналық картасы, емдеу-алдын алу мекемесі ресімдеген аурудың үндеу тарихынан көшірме, ДКК-ның анықтамасы негізінде берілетін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, облыстық және астаналық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының жолдамалары бойынша жүргізіледі.

Балалар интернат үйіне қабылданған әр балаға:

- ішінде арызы, жолдамасы, тууы туралы куәлігі (түпнұсқасы) сақталатын ж е к е і с қ а ғ а з ы ;
- барлық медициналық құжаттары: бала ауруының үдеу тарихының көшірмесі , медициналық картасы, психологиялық-медициналық-педагогикалық

комиссияның қорытындысы қосып тіркелген аурудың тарихы арналады.

Баланың жеке іс қағазы интернат кеңсесінде, кадрлар бөлімінде арнаулы отқа жанбайтын сейфте сақталады.

18. Ең жақсы күтімді, медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, әлеуметтік-еңбекке бейімдеуді жүзеге асыру және оқу-тәрбиелік жұмыстарын жүргізу үшін, тәрбиеленушілердің аурулары, жастары ескеріле отырып бөлмелерге орналастырылады және топтарға бөлінеді.

19. Тәрбиеленушілердің балалар интернат үйінен уақытша босатылуы үш айдан аспайтын мерзімге, дәрігердің қорытындысы, ата-аналарының жазбаша арызы немесе туысқандарының оларды қажетті күтіммен қамтамасыз ететін міндеттемелері болған жағдайда болуы мүмкін.

Ата-аналарына немесе туысқандарына барған кездегі шыққан шығындарды, балалар интернат үйі өтемейді.

20. 16-18 жасқа толған, өзіне қызмет етуге дағдыланған және шамасы келетін жұмысты меңгерген тәрбиеленушілер, МӘСК-ның қорытындысына сәйкес және психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның шешімімен психикалық-жүйке аурулары интернатына ауыстырылды. 18 жасқа толған тәрбиеленушілер медициналық айғақтамалары мен жүйке аурулары ауруханасы ДКК-ның қорытындылары ескеріле отырып ересектер интернат үйлеріне ауыстырылады немесе ата-аналарының немесе жақындарының қалауымен үйіне шығарылады. Патологиялық жыныстық жағынан ерте есейген жағдайда медициналық айғақтамалары ескеріле отырып балалар 16 жастан бастап-ақ ересектер интернат үйлеріне ауыстырылуы мүмкін.<*>

Ескерту: 20-тармақ толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 21-О бұйрығымен . V001086

— 21. Балалар мекемесінен шығарылатын тәрбиеленушілерге, интернат үйінің әкімшілігі мынадай құжаттарды ресімдейді:

- балалар интернат үйінде болған мерзімі туралы анықтама;
- мүгедектігі туралы МӘСК-ның анықтамасы;
- төлқұжаты;
- тәрбиеленушінің ауруының тарихынан көшірме және еңбекке дағдыланғандығы туралы қорытындысы бар аударым эпикризы.

IV. Интернат үйіндегі (арнаулы бағдарламалар мен әдістер бойынша оқытуға қабілеті бар балалар үшін) оқу-тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру

22. Балалар интернат үйіндегі тәрбиеленушілерге өзін-өзі қызмет ете алатын дағдыларды, еңбек дағдыларын: үстіртін сауатқа және санауға үйретуді, балалардың қарапайым ойлауы мен түсінігін кеңейтуді көздейтін оқу-тәрбиелік

процесс жүзеге асырылады.

23. Балалар интернат үйіндегі тәрбиелеу мен оқыту, интернаттағы ақыл-ойлары өте төмен балаларды арнаулы оқу жоспары бойынша тәрбиелеу және дифференциалдық оқыту жөніндегі Бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің арнаулы бағдарламалары мен әдістері бойынша жүзеге асырылады.<*>

Ескерту: 23-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 21-О бұйрығымен . V001086_

24. Балалар интернаты үйінде тұратын барлық тәрбиеленушілер жастарына, дене мен ақыл-парасатының дамуына және еңбек дағдыларын меңгеру мүмкіндігіне сәйкес топтарға бөлінеді.

Балалар 15 адамнан топтарға бөлінеді:

- 4 тен 8 жас арасындағы мектепке дейінгі топ;
- 8 ден 12 жасқа дейін дайындау тобы;
- 12 ден 18 жасқа дейінгі еңбекпен дайындау тобы;
(оның ішінде 14 тен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер тобы);
- 4 тен 15 жасқа дейінгі диагностикалық топ.

Е с к е р т у :

ақыл-ой дәрежесінің meshулігін, еңбекке бейімдеу мүмкіндігін және коррекциялық-тәрбиелік жұмыстардың әдістерін анықтау мақсатында диагностикалық топтар құрылады.

25. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуды, ұжымдық шараларды өткізу кезінде, сондай-ақ жалпы білім беретін пәндерді оқыту процесінде еңбек нұсқаушылары, мұғалімдер және тәрбиешілер жүзеге асырады.

26. Балалар интернат үйлеріндегі оқу сабақтары Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі бекіткен мерзімге сәйкес жүргізіледі.

Оқу-тәрбиелік процесін ұйымдастыру кезінде ақыл-ойлары өте төмен балаларды екі режимді енгізу арқылы даралап оқыту принциптері қолданылады.
< * >

Ескерту: 23-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 21-О бұйрығымен . V001086_

27. Оқу группаларына балаларды жинақтап оқыту мүмкіндігі туралы мәселелерді шешу кезінде, интернат үйінің медициналық-педагогикалық комиссиясының қорытындысы, сондай-ақ балалардың жасы, ал сыныптарға жинақтаған кезде - баланың оқыған жылы есептеледі.

V. Педагогикалық кеңес

28. Балалар интернат үйіндегі тәрбиеленушілерді оқу-тәрбиелік жұмыстар мен еңбекке оқытудың негізгі мәселелерін шешу мақсатында педагогикалық кеңес құрылады.

Педагогикалық кеңес жылдық жұмыс жоспарын бекітеді және оқу жылында 4 реттен кем өткізілмейді.

Педагогикалық кеңестің құрамына кіретіндер:

- балалар интернат үйінің директоры (кеңестің төрағасы);
- оқу-тәрбиелік жұмысы жөніндегі директордың орынбасары;
- дәрігер (медициналық бөліктің меңгерушісі);
- аға тәрбиеші және тәрбиеші;
- логопед, психолог;
- көпшілік-мәдени ұйымдастырушы;
- оқу-өндірістік шеберханасының мастері, еңбек жөніндегі нұсқаушы, қосалқы шаруашылықтың меңгерушісі.

29. Педагогикалық кеңес:

- балалар интернат үйінің оқу-тәрбиелік жұмыс жоспарын;
- группалардың әр оқу тоқсанындағы тәрбиелік жұмыстарының қорытындысын, денсаулықты жақсарту жұмыстарын, таңертеңгілік, мерекелік шараларды және т.т. өткізуді;
- мүгедек балаларға тағайындалған зейнетақының 70% қамқорға алынғандарға (қамқорға алынғандарға жеке-жеке) медициналық-педагогикалық көмекке мақсатты түрде бөлінуін;
- еңбекке оқытуды жақсарту жөніндегі шараларды;
- балаларды дене шынықтыру мен спорттық тәрбиелеу, соның ішінде спорттық, мәдени-сауықтыру шараларын өткізуді;
- тәрбиеленушілердің денсаулықтарын қорғау жөніндегі шараларды, оқу, еңбек ету және дем алудың санитарлық-гигиеналық жағдайларын құруды, техникалық қауіпсіздік жағдайларын;
- балалар интернат үйіндегі методикалық жұмыстарды ұйымдастыру мәселелерін, методикалық кеңестерді, семинарларды және конференцияларды өткізудің қорытындыларын қарастырады.

Ескерту: 29-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 21-О бұйрығымен . V001086_

30. Педагогикалық кеңестің мүшелері өз ықыластарымен оқу-тәрбиелік жұмысқа байланысты мәселелері педагогикалық кеңестің қарауына енгізуге қ ұ қ ы л а р ы б а р .

31. Педагогикалық кеңестің мәжілістерінде талқыланатын мәселелердің орындалу мерзімі мен оларды орындауға жауапты адамдар көрсетілген ш е ш і м д е р қ о й ы л а д ы .

32. Педагогикалық кеңестің шешімі кеңес мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

33. Педагогикалық кеңестің істерін жүргізу үшін, оның мүшелерінің ішінен

жыл сайын, мәжілістердің хаттамасын жүргізетін, кеңестің есеп беру кезеңінің жұмысы туралы құжаттарды сақтайтын хатшысы сайланады.

34. Педагогикалық кеңестің төрағасы кеңестің қабылдайтын шешімдерінің орындалуына жүйелі тексеруді ұйымдастырады және тексеру қорытындылары туралы кеңесті хабардар етеді.

VI. Балалар интернат үйін басқару

35. Балалар интернат үйін директор басқарады, оны облыстық және астаналық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

36. Директор балалар интернат үйінің барлық жұмыстарын ұйымдастырады және оның жағдайы мен қызметіне толық жауап береді.

Балалар интернат үйінің директоры педагогикалық кеңеспен келісе отырып, қарауындағы балаларды күтуде және қарауда, сондай-ақ оларға тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетуде, мүгедек балалардың әлеуметтік-еңбекке бейімделу дәрежесінде жоғары көрсеткішке жатқан жұмыскерлерге сыйлық б е р е д і .

37. Директор балалар интернат үйінің атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды, оны барлық ұйымдар мен мекемелерге таныстырады, балалар интернат үйінің мүліктері мен қаражатын белгіленген тәртіп бойынша басқарады, қайта сенім білдіру құқығы бар сенімхат береді, банкте балалар интернат үйінің ағымдағы е с е п - ш о т ы н а ш а д ы .

Директор, өз құзыры шеңберінде, балалар интернат үйі бойынша бұйрықтар шығарады, еңбек заңдылығына сәйкес жұмыскерлерді жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, балалар интернат үйінің жұмыскерлерін мадақтау және оларға тәртіптік жаза қолдану шараларын қолданады.

38. Директор Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрығына сәйкес педагогикалық, медициналық және басқа кадрларды іріктеу мен орналастыруды қамтамасыз етеді, педагогикалық және медициналық қызметкерлердің жұмысын, олардың біліктіліктерін көтеруін басқаруды жүзеге асырады, сондай-ақ балалар интернат үйіне тәрбиеленушілерді жинақтауға қатысады және оқу-тәрбиелік жоспарының орындалуына жауап б е р е д і .

39. Балалар интернат үйінің әкімшілігі белгіленген тәртіп бойынша:

- ішкі тәртіп ережелерін қабылдайды;
- мекемедегі тұрғын орындарын бөледі.

40. Балалар интернат үйінің жұмысын және қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді, жоғары тұрған және басқа ұйымдар жүргізеді.

(Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдерінде ресімделеді)

(еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі)

Шешесінен _____
(Ф . А . Ә .)

Әкесінен _____
(Ф . А . Ә .)

тұратын мекен-жайы _____

Немесе ата-анасының орнындағылар (туысқандары, қамқоршылары, дәрігерлер, көршілері, әкімшілік органдары, білім орындары және т.т.)

(Ф.А.Ә., туыстық жақындығы, жасы, отбасының жағдайы, әлеуметтік

мәртебесі, жалақысы, тұратын мекен жайы)

Ө Т І Н І Ш

Менің ұлым (қызым)_____

фамилиясы, аты, әкесінің аты

_____денсаулығына байланысты

т у ғ а н ж ы л ы , а й ы , к ү н і

күтімге және медициналық қызметке мұқтаж болғандықтан, балалар интернат үйіне қабылдауларыңызды сұраймын.

Балалар интернат үйіне қабылдау, күту және шығару шарттарымен т а н ы с т ы м .

Өтінішке қосымшалар: тууы туралы куәлігі, ақыл-есі кем балаларға арналған интернат үйіне күтілуге мұқтаж баланың денсаулығы туралы облыстық психиологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның қорытынды хаттамасы, медициналық картасы.

_____ (мерзімі)

_____ (қолы)

Азамат _____өтініші_____бет қосымшалармен
199__ж. " " _____қабылданып, N_____тіркелді

Маман _____
қ ы з м е т і , Ф . А . Ә .

_____ (қолы)

N 2 Қосымша

Ф а м и л и я с ы , а т ы , ә к е с і н і ң а т ы

Т у ғ а н

ж ы л ы

Педиатр _____

N 63 нысанының (егу) көшірмесі

Сериясы _____

N _____

Қандағы РВ анализы _____

ВИЧ _____

б и о х и м и я л ы қ

АЛТ _____

АСТ _____

Австралия антигены _____

N 30 нысаны _____

(о б а а у р у ы н қ о з д ы р у ш ы)

Зәрдің жалпы анализы _____

І ш е к

т о б ы н ы ң

а н а л и з д е р і :

үлкен дәреттегі яйцеглистке _____

дизентерияға _____

ішек құртын тазартуға _____

Дифтерияға жағынды алу _____

Психиатр _____

Хирург _____

Фтизиатр _____

Дерматолог _____

Эндокринолог _____

Окулист _____

Стоматолог _____

Лор _____

Аурухананың меңгерушісі

ҚОЛЫ

М.О.

